

«Сейфуллин оқулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.- Т.1, Ч.III. - Б.268-271.

СТУДЕНТТЕРДІҢ САБАҚҚА ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІН АТТЫРУ АРҚЫЛЫ КӨТЕРУ

Әбдірәсілов Л.Ә., т.ғ.к., аға оқытушы

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Абдрасилов Д.Л., магистр, аға оқытушы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында дәріс алып жатқан студенттердің кредиттік жүйемен білім алып жатқандығына біршама уақыт болғандығы белгілі. Оның үстіне, үстіміздегі жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Боллон декларациясына қолдау көрсетіп үш деңгейлік білім алу жүйесіне өтуге қарсы еместігін мақұлдап қол қойғандығы мәлім.

Бұл жүйе бойынша студенттер өздерінің білімдерін көбінесе өз беттерінше нығайтып, толықтырып отыруы қажет екендігі белгілі. Аудиториялық сабақтарға бөлінен сағаттардың үлесі аз болғандықтан, студенттер өздеріне қажетті мәліметтер мен ақпараттарды бұл бөлінген уақыттың ішінде игере алмай қалады. Оның үстіне студент бұл берілген сабақтарға қатыспайтын болатын болса, я болмаса жартылай қатысып жүретін болса, онда белгілі бір пән бойынша ол білімін көтеруге қажетті қосымша ақпараттар топтамасына қолын жеткізе алмай қалады да, оқытушының қосымша уақытына және өзіне жетіспей жататын уақытына нұхсан келтіретін болады.

Олай болатын болса, оқытылып жатқан пәнге қатысты қажетті ақпараттарды дер кезінде меңгеріп және оны толыққанды игеріп отыру үшін, кредиттік жүйе бойынша дәріс алатын студенттердің аудиториялық сабақтарға (контакттық сабақтарға) 100 пайыз қатысуын талап етеді.

Студенттердің сабаққа қатысу деңгейін қадағалап, пәндер бойынша рейтингілерін, қорытынды бағаларын, үй жұмыстары мен курстық жобалары мен жұмыстарының орындалу деңгейін тексеріп отыру үшін және де студенттердің атқаратын өзіндік жұмыстарын бақылап және белгілеп отыру үшін университеттің оқу бөлімі дайындаған топ журналдары пайдаланыста жүргендігі белгілі [1].

Бұл журнал бойынша, студенттік сабаққа қатысуын анықтау үшін, оқытушы әрбір студенттік аты жөнін атап журналға белгілу үшін сабаққа бөлінгенг 50 минуттің біршама бөлігін жоғалтып алады.

Сонымен бірге, топқа арналған тағы бір журнал бойынша топтың топ басшысы студенттерің қатысуын белгілеп отырады. Бұл екі журналдағы мәліметтерге талдау жүргізетін болсақ, студенттердің сабаққа қатысу деңгейі нақты сабаққа қатысу деңгейімен сәйкес келмей жатады. Топ басшылары өз міндеттерін орындау барысында көбінесе принципальдік талап көрсете алмай жатады да, студенттердің сабаққа қатысу рейтингін жоғары етіп көрсетіп отырады. Сонымен бірге, топ басшылар өз адресіне сын ескертпелердің аз болуын қалайтын белгілі. Себебі, топ басшылар бұл журнал бойынша факультет пен кафедра басшылары және топ жетекшілерінің алдында есеп беріп отырады.

Студенттің сабақтағы бары-жоғын анықтайтын бұл үрдіс, онда да сабақты толыққанды игеруге жетпей жатқан 50 минуттың бір шама бөлігін (орташа 4-5%) алып қояды да, сабақтағы берілуге және таратылуға тиісті мағлұматтар студенттердің назарларына жетпей қалып жатады.

Осы көкейкесті мәселенің шешуін тарқату жолын қарастыру үшін назарларыңызға келесі жүйені ұсынуға болады. Бұл жүйе бойынша студенттердің сабаққа қатысу проблемасын тек сабақ беретін оқытушы мен топтың топ басшысынның мойнына ғана арттырып қоймай, студенттің өзін де бұл үрдіске белсенді түрде тікелей араластыру қажет.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін, деканаттың немесе әрбір кафедраның тарапынан төмедегі суреттегі келтірілген түрдегі әр пәннің түріне арналған студенттердің сабаққа қатысу парағы деп аталатын бланкаларды дайындау қажет(1 сурет).

Сабақтың қатысу парағы
Лист посещения занятий

Факультет Күнәсіз - құрмет Мамандық Т.П.С.-81
 Факультет _____ Специальность _____
 Пәнің аты Күнәсіз құрмет Сабақтың түрі лекция
 Дисциплина _____ Вид занятия _____
 Оқытушы М.Б.К., доцент Преподаватель Абдрисманов Мейбек

“Бекітемін”
 “Утверждаю”
 “9” қыркүйек “2008” жыл год
 факультет деканы Байтұрсын Т.К
 декан факультета

р/с № п/п	Студенттің аты-жөні Фамилия имя отчества студента	Сабақтың өткізілу күндері				Дни проведения занятия			
		25.11.09	30.11.09	2.12.09	7.12.09				
1	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
2	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
3	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
4	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
5	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
6	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
7	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
8	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
9	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
10	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
11	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
12	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
13	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
14	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
15	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
16	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
17	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
18	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
19	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
20	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
21	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
22	Алиев Абилхан	✓	✓	✓	✓				
23									
24									
25									
26									
27									
28									
29									
30									

Ескерту: 1. Бір баған өткізілген сабақтың 1 сағатына (50 минут) арналған;
 2. Студент тек өзін қолын қою арқылы, сол күні сол сағатта сабаққа қатысып отырғанын растайды;
 3. Сабаққа қатыспаған студенттің фамилиясының тұсына оқытушы қызыл қарандашпен X белгісін қояды;
 4. X белгісінің үстінде қойылған студенттің қолы жарамсыз болып саналады;
 5. Әрбір пәннің барлық қатысу парағы сараптамадан өткізіліп, семестрдің соңында деканатқа міндетті түрде тапсырылады.

Құрамы: Алиев Абилхан

1-сурет. Студенттердің сабаққа қатысу парағының формасы

Пән сабағына арналған бұл парақта факультеттің аты, бұл факультетке қарасты кафедраның атауы, студент дәріс алатын топтың нөмірі, оқытылатын пәннің аты, өткізілетін сабақтың түрі, пәнді жүргізетін оқытушының аты жөні, ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі келтіріледі. Осы мәліметтердің астында орналасқан кестеде студенттердің алфавит бойынша жасалынған тізімі жазылады. Сабаққа қатысу парағының заңдылық мәртебесін көтеру үшін, парақты факультет деканының қолымен, немесе кафедра меңгерушісінің тарапынан ресми түрде бекітіп алған жөн. Студенттер тізімі орналасқан баған басының оң жағында сабақты өткізетін күндер көрсетілген қатар орын алады. Бұл қатардың астында, әрбір студент фамилиясының тұсында студенттің сабаққа қатысқандығын растап қоятын қолтаңбаға арналған ұяшықтар орналасады [2].

Бұл қатысу парағымен қалай жұмыс істеу қажет екендігіне тоқтала кетейін. Сабақтың басталу барысында сабаққа қатысуды белгілейтін бұл парақ (бланка) алдағы отырған студенттің біріне беріледі де, оқытушы сабағын өткізе береді (студенттерді тізім бойынша тексерудің қажеті жоқ).

Студент өзінің фамилиясы мен сабақтың өткізілген күніне сәйкес келетін ұяшыққа өзінің осы сабаққа қатысып отырғандықын растап қолтаңбасын қояды (қолтаңбаны біркелкі түсті қаламмен қойған абзал, мысалы қара түсті қаламмен).

Қолын қойып болған студент бұл бланканы өзіне жақын отырған екінші студентке ұзатады. Екінші студент өз қолын қойғаннан соң сабаққа қатысу парағын келесі студентке ұзатады.

Осылайша әрбір студент өзінің осы сабаққа осы күні қатысып отырғандығын растап қолтаңбаларын қойып шығады. Қолын қойған соңғы студент бланканы оқытушыға қайтарып береді. Студент тек өз фамилиясының тұсына ғана қолын қоюға тиісті.

Егерде студент өзінің жанашырлықпен қарайтын дос студентінің тұсына өз қолын қол қоятын болса, оны анықтап ескертпе айту қажет. Мұндай жағдайда қол қойған студентті «жоқ» деп белгілеп ал сабаққа қатыспаған студентті «бар» деп белгілеген жөн (досқа деген жанашырлықты осылай көрсеткен жөн ғой деп есептеймін). Ал, сабаққа қатыспаған студент фамилиясының тұсына оқытушы қызыл түсті қаламмен өзінің белгісін қоюға (мысалы крест тәрізді белгі) тиіс.

Мынадай жағдай туындап қалуы мүмкін: мысалы келесі сабақта алдыңғы өткен сабаққа қатыса алмаған кейбір студент өз фамилиясының тұсына қойылған қызыл таңбаның үстін баса отырып өзінің қолын қоюы ықтимал. Сондықтан, қызыл таңбаны түзетуге мүлдем болмайтындығын студенттерге алдын ала ескерткен жөн.

Қызыл таңбаны мың рет өзгерткенмен оның нәжижесі мүлдем өзгермейтінін айтып түсіндіру қажет[3].

Ал енді бұл жүйені пайдаланған оқытушы қандай жетістіктерге жете алатынын қарастырайық.

Біріншіден, екі-үш рет өткізілген сабақтан кейін-ақ студенттердің сабаққа қатысу деңгейін 95-98 пайызға арттыруға болады.

Екіншіден, студенттердің сабаққа деген көзқарасы күрт өзгереді, себебі сабаққа қатысып отырғандығын растап тек өзі ғана қолын қояды, яғни қолын қойған студент жауапкершілікті толық өз мойнына алып, сабаққа қатысу мәселесіне немқұрайды қарамайтын болады.

Үшіншіден, студенттің, топбасшының және оқытушының араларындағы сабаққа қатысу проблемасына қатысты дау-дамай мүлдем болмайды.

Төртіншіден, сабақтан қалмай ұдайы қатысып отыратын студенттің білім деңгейі әрдайым артып отырады ғой деп ойлаймын (егерде студент оқытушының назарынан тыс қалмайтын болса).

Сонымен, бұл үрдісті қолданатын болсақ, сабаққа деп бөліп берілген уақыт үнемделінеді, студенттердің сабаққа қатысу деңгейі жоғарылайды, студенттердің сабаққа деген ынтасы көтеріледі (меніңше сабаққа қатысып отырған студент аспанға қарап отырмайды ғой деп ойлаймын).

Бұл мақалада тек студенттердің сабаққа қатысу дейгейін көтеретін мәселе ғана қарастырылып отыр. Ал сабақтың сапасын және студенттердің сабаққа деген қосымша ынтасын жоғарлату әрбір дәріс беретін оқытушының өз қолында ғой деп ойлаймын оқытушы қауым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Журнал учета выполнения студентами лекционных, лабораторных, практических (семинарских) занятий, СРСП и СРОП;

2. Журнал учета посещаемости студентов академических групп КазАТУ имени С.Сейфулина.

3. Architectural Review, -1998. -№ 1215. – P.50-52.